

Колутон ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 2 шілдедегі № 1 "Бірлік ауылының көшесіне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Колутон ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 5924 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Колутон ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Колутон ауылдық округі әкімінің "Бірлік ауылының көшесіне атау беру туралы" 2010 жылғы 2 шілдедегі № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-134 болып тіркелген, 2010 жылғы 13 тамызда "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Колутон ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Колутон ауылдық
округінің әкімі*

Т.Мухамеджанов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Астрахан ауданының "Мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы*

Г.Карасаева

27.03.2017 ж.

Астрахан ауданының "Құрылыс,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

Н.Кулаков

27.03.2017 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ